

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

«БЕКІТІЛДІ»

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті» КЕАҚ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
(02.07.2026 ж., №12 хаттама)

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ҚОРҒАУ, САҚТАУ,
ӨНДЕУ ЖӘНЕ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2026 ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет департаментінің директоры Бишекен С.К.

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде («_02_» __07__ 2026 ж., №_12_ хаттама)

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

ЖАҢАДАН ЕНГІЗІЛДІ 1-НҰСҚАСЫ

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1.1 Осы Ереже Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде (бұдан әрі – Университет) білім алушылардың дербес деректерін қорғау, сақтау, өңдеу және беру тәртібін айқындайды.

1.2 Ереженің мақсаты – білім алушылардың дербес деректерін өңдеу кезінде олардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ету.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ бұйрығы.

2.2 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.3 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі ҚР БЖҒМ) 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы.

2.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.5 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары ҚР БЖҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы.

2.6 «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V бұйрығы.

2.8 Қ.Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі.

2.9 «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Жарғысы (17.05.2020 жылғы №320 бұйрығы).

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

3.1 Осы Ережеде мынадай негізгі терминдер қолданылады:

- дербес деректер – белгілі бір немесе анықталатын білім алушыға қатысты мәліметтер;
- дербес деректерді өңдеу – дербес деректерді жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға, пайдалануға, беруге және жоюға бағытталған әрекеттер;
- дербес деректер субъектісі – Университеттің білім алушысы;
- автоматтандырылған ақпараттық жүйе (ААЖ) – білім беру процесін жүзеге асыру үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйе.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы Ереже білім алушылардың дербес деректерімен жұмыс істеу тәртібін, оларды қорғауға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Университет пен дербес деректер субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

4.2 Осы Ереженің күші Университеттің құрылымдық бөлімшелеріне, сондай-ақ білім алушылардың дербес деректерін өңдеуді жүзеге асыратын қызметкерлерге қолданылады.

4.3 Білім алушылардың дербес деректерін өңдеу білім беру процесін іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

4.4 Білім алушылардың дербес деректері қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа жатады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалуға тиіс.

4.5 Дербес деректерді өңдеу білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып, заңды негізде және олардың Университетке оқуға қабылдау туралы өтініш беру кезінде ұсынған келісімі негізінде жүзеге асырылады.

4.6 Дербес деректер уәкілетті органдарға олардың өкілеттіктері шеңберінде берілуі мүмкін.

4.7 Осы Ереже университеттің Академиялық қызмет департаментінің білім алушылардың дербес деректеріне қол жеткізу құқығы бар барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

5 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

5.1 Дербес деректерге мыналар жатады:

- тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда);
- ЖСН;
- туған күні;
- ұлты;
- азаматтығы;
- тұрғылықты мекенжайы;
- байланыс деректері;
- ата-аналары (заңды өкілдері) туралы мәліметтер;
- оқу туралы мәліметтер (үлгерімі, сабаққа қатысуы және т.б.);
- медициналық мәліметтер (қажет болған жағдайларда);
- білім туралы құжаттар, ҰБТ (КТ) нәтижелері туралы сертификат;

• жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қорғаншылығында (қамқорлығында) жүрген білім алушыларға қатысты растайтын құжаттар (ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктер, кәмелетке толмаған балаға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу туралы әкімдік қаулысы, туу туралы куәлік, қорғаншылық және қамқоршылық бөлімінің өтінішхаттары, ата-ана құқықтарынан айыру және алимент өндіру туралы сот шешімдері және т.б.);

- мүгедектігі бар білім алушылардың мәртебесін растайтын құжаттар;
- шәкіртақы, материалдық көмек және өзге де төлемдер туралы мәліметтерді қамтитын құжаттар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де деректер.

6 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІН ӨНДЕУ, САҚТАУ ЖӘНЕ БЕРУ ТӘРТІБІ

6.1 Университетте білім алушылардың дербес деректерін өңдеу және сақтау, оның ішінде оларды жинау, жүйелеу, жаңарту және пайдалану «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – «Platonus» ААЖ) қолдану арқылы жүзеге асырылады.

6.2 Бұл ретте «Platonus» ААЖ-де өңделетін дербес деректердің сақталуын, құпиялылығын және қорғалуын қамтамасыз ету аталған жүйені әзірлеушіге (жеткізушіге) жүктеледі.

6.3 «Platonus» ААЖ-ның жұмыс істеуіне техникалық қолдау көрсету жүйені әзірлеуші тарапынан шарттық міндеттемелер шеңберінде жүзеге асырылады.

6.4 Білім алушылардың дербес деректері Университеттің жауапты қызметкерлері тарапынан өздерінің лауазымдық міндеттері шегінде «Platonus» жүйесіне енгізіледі және қажет болған жағдайда өзектендіріліп отырады.

6.5 «Platonus» ААЖ-да орналастырылған дербес деректерге қол жеткізу ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып және қол жеткізу құқықтарын шектеу негізінде тек авторландырылған пайдаланушыларға беріледі.

6.6 «Platonus» ААЖ жоғары білім беру саласындағы деректер алмасуды және ақпараттың өзектілігін қамтамасыз ету мақсатында Жоғары білім берудің бірыңғай платформасымен (ЖББП) синхрондалады.

6.7 «Platonus» ААЖ-ның жұмысын қамтамасыз ету мақсатында Университеттің Академиялық қызмет департаментінде жауапты тұлға (жүйелік администратор) тағайындалады.

6.8 Жауапты жүйелік администратор:

- «Platonus» жүйесін әкімшілендіруді;
- пайдаланушылардың қол жеткізу құқықтарын шектеуді баптауды және бақылауды қамтамасыз етеді.

6.9 Жауапты жүйелік әкімші өзінің лауазымдық міндеттері шегінде ақпараттық қауіпсіздікті және дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз етуге жауапты болады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын және құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім талаптарын сақтауға міндетті.

6.10 «Platonus» ААЖ-ның әкімшілік функцияларына қол жеткізу тек жауапты жүйелік администраторға ғана беріледі.

7 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

7.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

7.2 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңа ережелермен ауыстырылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Л.Н.Мясникова

Заң департаментінің директоры

Л.Б.Алиманова